# Білімді ұрпақ – ел болашағы.

Химиялық көңілді кеш ( 8-10 )







# Кештің жоспары:

1. Қарсылас топтың атын табу
2. Сәлемдесу, таныстыру
3. Химиялық түрде құттықтау
4. Формула жаза білесізбе: ( Үндемес ойыны )
5. Жанкүйерлер өнері
6. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады ( сұрақтарға жауап беру )
7. Химиялық көрініс көрсету
8. Қаттама торт ( реакция теңдеуін аяқтау )
9. Топтың өнері
10. Химиялық жүріс ( элемент аттарын атау )




# *Кешке әр топтан төрт оқушыдан қатысады.*

Ғажайып нәрсе химия
Тұңғыйық сыры әр алуан
Жоғалып бірде зымзия
Жаңадан бірі жаралған
Өмірдің бірақ керегін
Осылар тауып берерме
Табыларма ешкім дерегін
Телмірмей сірә тереңге

Ғали Омаров

Қазылар алқасы сайланады

# І бөлім

Атымызды жасырдық
Төс белгіге қарсылас
Айламызды асырдық
Бірбіріңмен ақылдас

*Қарсылас топтың атын ребустан табу*
*( дұрыс жауап он ұпай )*

## 8-класс



## 9-класс



## 10-класс





# II бөлім

Сәлем сөздің анасы
Дейтін қазақ данасы
Сәлемдесіп танысып
Кеш бастайық жарасып.

*Таныстыру бөлімі*

*( жоғары ұпай он )*








# III бөлім.

*Химиялық тілде құттықтау.*

***Үлгі: Алтындай*** *ардақты,* ***күмістей*** *салмақты қарсыластар. Бүгінгі кеште өздеріңізді* ***суда*** *жүзген балықтай жақсы сезініңіздер. Көңілдеріңіз* ***алюминийден*** *жасалған ұшақтың ішіндей кең болсын,* ***темірдей*** *қатты,* ***болаттай*** *мықты денсаулық тілейміз.* ***Көмірдей*** *қара көздеріңізбен,* ***алмаздай*** *өткір сөздеріңізбен жан жадыратып, өнер ағысымен* ***сынаптай*** *сырғып жүре беріңіздер демекпін.*

***IY бөлім***

Білмейтінін білем деп олжа қуар

Кейбіреудің әр заттан болжамы бар

Химияны болжаммен ұға алмайсың

Формуланың оң жағы, сол жағы бар.

Формула жаза білесізбе ( үндемес ойыны )

***I топ***

*Натрий гидрокарбонаты*

*Кальций ортофосфаты*

*Алюминий гидроксохлориді*

***II топ***

*Натрий гидросульфаты*

*Берелий силикаты*

*Магний нитриді*

***III топ***

*Германий сульфиті*

*Алюминий карбиді*

*Магний фосфиді*











# Ү Бөлім.

# Жанкүйерлер өнері





# YI бөлім.

## ***Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар (сұрақтарға жауап беру )***




### **8 класс**

Ауадағы оттегінің массалық үлесі

( 21% )

2. Сутегін алғаш рет алған ғалым

( Кавендиш )

3. Бейоргеникалық қосылыстар кластарын ата;

( Оксидтер, қышқылдар, негіздер, тұздар )

4. Калий перманганатының техникалық атауы;

( Марганцовка )

5. Ас содасының химиялық формуласы;

($NaHCO_3$ натрий гидрокарбонаты )

6. Судың қайнау температурасы;

( $100^0C$ )

7. Заттарды қоспалардан бөлу әдістері;

( тұндыру, сүзу, айдау, кристалдау )

8. Химиялық реакция типтерін ата;

( қосылу, айырылу, орынбасу, алмасу )

9. Озонның оттегінен айырмашылығы;

( көкшіл түсті, өзіне тән иісі бар )

10. Металл атомы және қышқыл қалдығынан тұратын күрделі заттар;

( тұздар )

9 класс

1.Күкірттің тотығу дәрежелері

(-4, 0,+2,+4 )

2. Көміртегінің аллотропиялық түр өзгерістері;

( алмаз, графит )

3. Металдардың электрохимиялық кернеу қатарын ұсынған ғалым;

( Орыс ғалымы Н. Бекетов )

4. А.Е.Ферсман “Тіршілік пен ақыл ой элементі” деп қай элементті айтқан;

( фосфор )

5. Химиялық байланыстың түрлерін ата;

( ковалентті, иондық )

6. Кремний қышқылының тұздары қалай аталады;

( силикаттар )

7. Азотың ауадағы массалық үлесі қанша;

( 78% )

8. Электролиттік диссоциациялану дегеніміз не;

(электролиттердің иондарға ыдырыу процесі)

9. Бейметалдардың периоттық жүйедегі орны;

( B-At диогналының жоғары сол жағындағы негізгі топша элементтері )

10. Кальций гидроксидінің техникалық атауы;

( сөндірілген әк, әк суы немесе әк сүті )



10 класс

Ковалентті байланыстың түрлерін ата;

( полюсті, полюссіз )

2. Химиялық реакцияның жылдамдығына әсер ететін факторларды ата;

(Әрекеттесуші зататтрдың табиғаты, концентрация, температура, өршіткі (катализатор))

3. Қышқылдар мен негіздердің жалпылама теориясын ұсынған қазақстандық ғалым кім;

( М . Усанович )

4. Сілтілік металдарды ата;

( литий, натрий, калий, рубидий, цезий, франций )

5. III период IY топтың негізгі топшасында орналасқан элемент;

( күкірт, сера, сульфур )

6. Металдарға тән химиялық байланыс түрі;

( металдық )

7. Калий хлоратының техникалық атауы;

( Бертолле тұзы )

8. Ядро заряды, электрон және протон сандары химиялық элементтің қай белгісіне сәйкес келеді;

( реттік нөміріне )

9. Сутек атомынан және қышқыл қалдығынан тұратын күрделі заттар қалай аталады;

( қышқылдыр )

10. Атом құрлысының планетарлық моделін ұсынған ғалым;

( Э. Резерфорд )

# YII бөлім.
# Химиялық көрініс көрсету
# (жоғары балл 10)






# YIII бөлім. Қаттама торт ойыны ( химиялық реакция теңдеулерін жазылуы )

8 класс
$Cu+O_2=$
$Zn+HCl=$
$Al+Cl_2=$

9 класс
BaCl2+AgNO3=
Na+H2O=
Zn+CuSO4=

10 класс
$KJ+Cl_2=$
$Na_2CO_3+HCl=$
$NH_3+H_2SO_4=$

# Химиялық реакция теңдеулерін аяқтау



33-сурет. Қазақстанның пайдалы қазбалары

**8 класс**

$2Cu+O_2=2CuO$

Zn+HCl= ZnCl2+H2

$2Al+3Cl_2=$2AlCl3

**9 класс**

$BaCl_2+2AgNO_3=$

$Ba(NO_3)_2+2AgCl$

$2Na+2H_2O= 2NaOH+H_2$

$Zn+CuSO_4= Zn+CuSO_4+Cu$

**10 класс**

$2KJ+Cl_2=2KCl + J_2$

$Na_2CO_3+2HCl=2NaCl+CO_2+H_2O$

$2NH_3+H_2SO_4= (NH_4)_2SO_4$

# IX бөлім. Химиялық жүріс.

**( топтан бір оқушы шығып, көрсетілген жерге дейін элемент аттарын айтып баруы керек )**

## X бөлім. Топтың өнері

***Қорытынды   Бата беру***




Ал балалар жая ғой,
Ақ батамды ала ғой.
Жаратқан алла сіздерге
Окситтердің жылуын берсін,
Қышқылдардың жан жақтылығын берсін,
Негіздердің күштілігін берсін,
Тұздардың құдіретін берсін,
Ас тұзындай ақ, Судай пәк болыңдар.
Бейорганикалық қосылыс кластарының қасиеттерін беріп,
Ақылды ұл қыз болып өсулеріңді құдай қолдасын.
Әумин.

Назарларыңызға рахмет.